

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 30 қыркүйектегі № 299 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 30 қыркүйекте № 37000 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін (бұдан әрі – Тізбе).

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік сақтандыру департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы тармақтың 1) және 2) тармақшалары орындалғаннан кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне олардың орындалуы туралы ақпарат берілсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін Тізбенің 3-тармағының үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші, он төртінші, он бесінші, он алтыншы, он жетінші, он сегізінші, он тоғызыншы, жиырма бірінші, жиырма екінші, жиырма үшінші, жиырма төртінші, жиырма бесінші, жиырма алтыншы, жиырма жетінші, жиырма сегізінші, жиырма тоғызыншы, отызыншы, отыз бірінші, отыз екінші, отыз үшінші, отыз төртінші, отыз бесінші, отыз алтыншы, отыз жетінші, отыз сегізінші, отыз тоғызыншы, қырық бірінші, қырық екінші, қырық үшінші, қырық төртінші, қырық бесінші, қырық алтыншы, қырық жетінші, қырық сегізінші, қырық тоғызыншы, елуінші, елу бірінші, елу сегізінші, елу тоғызыншы, алпысыншы, алпыс бірінші, алпыс екінші, алпыс үшінші, алпыс төртінші, алпыс бесінші, алпыс алтыншы,

алпыс жетінші, алпыс сегізінші, алпыс тоғызыншы, жетпісінші, жетпіс екінші, жетпіс үшінші, жетпіс төртінші, сексенінші, сексен бірінші, сексен бесінші, жүз жиырма алтыншы, жүз жиырма жетінші, жүз жиырма сегізінші абзацтарын, Тізбенің 4-тармағының үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, он алтыншы, он жетінші, он сегізінші, он тоғызыншы, жиырмасыншы, жиырма бірінші, жиырма екінші, жиырма үшінші абзацтарын, Тізбенің 5-тармағының үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, алтыншы, он жетінші, он тоғызыншы, жиырмасыншы, жиырма бірінші, жиырма екінші, жиырма үшінші, жиырма төртінші, жиырма бесінші, жиырма алтыншы абзацтарын, Тізбенің 6-тармағының үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, отыз алтыншы, отыз жетінші, отыз тоғызыншы, қырықыншы, қырық бірінші, қырық екінші, қырық үшінші, қырық төртінші, қырық бесінші, қырық алтыншы, қырық жетінші абзацтарын, Тізбенің 7-тармағының үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші, он төртінші, он бесінші, он алтыншы, он жетінші, он сегізінші, он тоғызыншы, жиырмасыншы, жиырма бірінші, жиырма екінші, жиырма үшінші, жиырма төртінші, жиырма бесінші, жиырма алтыншы, жиырма жетінші, жиырма сегізінші, жиырма тоғызыншы, отызыншы, отыз бірінші, отыз екінші, отыз үшінші, отыз төртінші, отыз бесінші, отыз алтыншы, отыз жетінші, отыз сегізінші, отыз тоғызыншы, қырықыншы, қырық бірінші, қырық екінші, қырық үшінші, қырық төртінші, қырық бесінші, қырық алтыншы, қырық жетінші, қырық сегізінші, қырық тоғызыншы, елуінші, елу бірінші, елу екінші, елу үшінші, елу төртінші, елу бесінші, елу алтыншы, елу жетінші, елу сегізінші абзацтарын, Тізбенің 8-тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі*

С. Жакупова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Жасанды интеллект және цифрлық
даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Әлеуметтік-еңбек саласында мемлекеттік қызметтерді көрсетудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 25 наурыздағы № 84 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22394 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу, біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеу, куәлік беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында:

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Мемлекеттік корпорацияның аудандық (қалалық) бөлімшелері келіп түскен іс макеттерін тиісті журналда тіркейді және Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарға өтемақы тағайындау туралы шешімдердің жобаларын дайындайды.

Өтемақы тағайындау үшін Мемлекеттік корпорацияның аудандық (қалалық) бөлімшелерінің қызметкерлері өтемақы тағайындау туралы шешімдердің жобаларын қоса бере отырып, іс макеттерін олар алынған күннен бастап күнтізбелік бес күннің ішінде Мемлекеттік корпорацияның облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы филиалдары арқылы Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің аумақтық органдарына (бұдан әрі – өтемақы тағайындау жөніндегі орган) жібереді.";

көрсетілген Қағидалардың 1-қосымшасы осы Тізбеге 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 6-қосымшасы осы Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Банкроттық салдарынан таратылған заңды тұлғалар қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірген зиянды өтеу жөніндегі

төлемдерді капиталдандыру кезеңі аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының азаматтарына ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмекті тағайындау" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) жеке тұлғаларға және оның заңды өкілдеріне (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) осы Қағидаларға сәйкес көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру "Азаматарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) коммерциялық емес акционерлық қоғам арқылы жүзеге асырылады.";

көрсетілген Қағидалардың 1 және 2-қосымшалары осы Тізбеге 3 және 4-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 4-қосымшасы осы Тізбеге 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Инфляцияның деңгейін ескере отырып, нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сомасы мен зейнетақы жинақтарының сомасы арасындағы айырма төлемі" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті осы Қағидаларға сәйкес жеке тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі-көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

2) ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы.

көрсетілген Қағидалардың 1 және 2-қосымшалары осы Тізбеге 6 және 7-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында:

"1. Осы "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан

әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарынан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру" мемлекеттік қызмет көрсету (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін айқындайды.";

көрсетілген Қағидалардың 2-қосымшасы осы Тізбеге 8-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдерді алушыларға міндетті зейнетақы жарналарын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 9 маусымдағы № 213 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32776 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдерді алушыларға міндетті зейнетақы жарналарын субсидиялау қағидаларында:

2-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) бюджеттік субсидиялардың мөлшерін белгілеу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің аумақтық органдары;"

көрсетілген Қағидалардың 1-қосымшасы осы Тізбеге 9-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 7 және 8-қосымшалары осы Тізбеге 10 және 11-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 10-қосымшасы осы Тізбеге 12-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Әлеуметтік сақтандыру жүйесінің және әлеуметтік-еңбек саласында мемлекеттік қызметтер көрсетудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 21 маусымдағы № 229 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32897 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Әлеуметтік аударымдарды есептеу және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына төлеу және олар бойынша өндіріп алу қағидаларында:

2-тармақта:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) әлеуметтік аударымдарды төлеуші (бұдан әрі – төлеуші) – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды есептеуді және төлеуді жүзеге асыратын жұмыс беруші, дара кәсіпкер, оның ішінде шаруа немесе фермер қожалығы, Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделген өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимін қолданатын жеке тұлға, жеке практикамен айналысатын адам, оның ішінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасында айқындалған, нысанасы жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) болып табылатын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кіріс алатын жеке тұлғалар үшін Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар төлеуді жүзеге асыратын салық агенттері.

Жеке көмекшілерге материалдық пайда төлеген кезде жергілікті атқарушы органдар немесе өзге де заңды тұлғалар, сондай-ақ Кодекстің 243-бабы бірінші бөлігінің 8) тармақшасында көрсетілген адамдар үшін әлеуметтік аударымдарды төлейтін, Кодекстің 102-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында айқындалған интернет-платформа операторы әлеуметтік аударымдарды төлеуші ретінде танылады.";

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) бірыңғай төлемді төлеуші – Салық кодексінің 820-бабына сәйкес айқындалған салық агенті";

мынадай мазмұндағы 3-1-тармағымен толықтырылсын:

"3-1. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимін қолданатын жеке тұлғалардың төлеуіне жататын әлеуметтік аударымдардың мөлшерлемесі әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісінің 1 пайызы мөлшерінде белгіленеді.";

8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Егер күнтізбелік ай үшін бір төлеушіден әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын жалақының ең төмен мөлшерінен аз болса, онда әлеуметтік аударымдар жалақының ең төмен мөлшері негізге алына отырып есептеледі, төленеді.

Осы тармақтың күші:

өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимін қолданатын жеке тұлғалардың;

интернет-платформаларды және (немесе) платформалық жұмыспен қамтудың мобильді қосымшаларын пайдалана отырып, қызметтер көрсету немесе жұмыстарды орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалардың;

нысанасы жұмыстарды орындау (қызметтер көрсету) болып табылатын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салық агенттерімен жасасқан азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кірістер алатын, оның ішінде Қазақстан Республикасындағы халықаралық ұйымдардың өкілдіктерінде, Қазақстан

Республикасында аккредиттелген шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерінде және консулдық мекемелерінде жұмыс істейтін жеке тұлғалар (бұдан әрі – азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кірістер алатын жеке тұлғалар);

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 94-тарауына сәйкес бірыңғай төлем есептелетін жұмыскерлердің;

жергілікті атқарушы органдар және өзге де заңды тұлғалар төлейтін жеке көмекшілердің кірістеріне қолданылмайды.

9. Жұмыскерлер, ақы төленетін өзге де жұмысы бар (сайланған, тағайындалған немесе бекітілген), оның ішінде Қазақстан Республикасындағы халықаралық ұйымдардың өкілдіктерінде, Қазақстан Республикасында аккредиттелген шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерінде және консулдық мекемелерінде еңбек қызметін жүзеге асыратын адамдар үшін әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі жұмыс берушінің:

салық кезеңі үшін есептелген төлем көзінен салық салуға жататын жұмыскердің кірісі,

алу

салық кезеңі үшін міндетті зейнетақы жарналары

алу

салық кезеңі үшін Қазақстан Республикасы Салық Кодексінің 429-бабының 1), 2), 3) және 7) тармақшаларында көрсетілген табыстарды қоспағанда, Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 400-бабының 1-тармағында көзделген төлем көзінен салық салуға жататын табысы азайтылатын кіріс түріндегі шығыстары болып табылады

Жұмыс берушінің шығыстарына әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары қызметкерлерінің ақшалай жабдықтылығы енгізіледі.";

10-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10-1. Нысанасы жұмыстарды орындау (қызметтер көрсету) болып табылатын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кірістер алатын жеке тұлғалар үшін әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі:

салықтық кезең үшін есептелген төлем көзінен салық салуға жататын жұмыстарды орындау (қызметтер көрсету) нысанасы болып табылатын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт бойынша жеке тұлғаның табыс сомасы,

алу

салықтық кезең үшін міндетті зейнетақы жарналары

алу

салықтық кезең үшін Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 400-бабының 1-тармағында көзделген төлем көзінен салық салуға жататын кірістен азайтылған кіріс.

Бұл ретте бір төлеушіден әлеуметтік аударымдарды есептеудің ай сайынғы объектісі республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі жалақының 7 еселенген мөлшерінен аспауға тиіс.

Нысанасы жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) болып табылатын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кірістер алатын жеке тұлғалар үшін әлеуметтік аударымдарды есептеуді, ұстап қалуды және Қорға аударуды төлеушілер осындай жеке тұлғалардың кірістері есебінен жүзеге асырады.

Егер тұлға бір төлеушімен жасалған екі және одан да көп азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша жұмыстарды орындаудан (қызметтерді көрсетуден) кіріс алған жағдайда, онда шектеу осы Қағидалардың 7-тармағында белгіленген алынған жалпы кіріске қолданылады.

Нысанасы жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) болып табылатын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кірістер алатын жеке тұлға бір мезгілде оның жұмыс берушісі болып табылатын төлеушіден табыс алған кезде, осы Қағидалардың 7-тармағында белгіленген шектеу бір төлеушіден алынған жалпы табысқа қолданылады.

Бұл ретте, осы Қағидалардың 7-тармағында белгіленген жалпы кіріске шектеу бірінші кезекте жұмыс берушіден алынған кіріске қолданылады.";

мынадай мазмұндағы 10-2-тармағымен толықтырылсын:

"10-2. Жеке тұлғалар үшін, арнаулы салық режимін қолданатын өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі осы режим шеңберіндегі қызметті жүзеге асырудың есепті айында алған кірісі болып табылады.

Бұл ретте, әлеуметтік аударымдарды есептеу үшін қабылданатын кіріс тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі жалақының 7 еселенген мөлшерінен және Қазақстан Республикасының Салық кодексінде өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимін қолдану үшін белгіленген шектен аспауға тиіс.";

12, 13 және 14-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Бірыңғай төлемді есептеу объектісі Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 821-бабында айқындалған қызметкердің кірісі болып табылады.

Бірыңғай төлемнің құрамына кіретін әлеуметтік аударымдарды есептеу және төлеу бірыңғай төлем төлеушінің қаражаты есебінен жүргізіледі.

13. Жеке көмекшілер үшін әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі жергілікті атқарушы органдар мен өзге де заңды тұлғалар төлейтін кіріс болып табылады.

14. Әлеуметтік аударымдарды есептеу кезінде тиындармен есептелген сомалар тиындардың сомасына қарамастан 1 теңгеге дейін дөңгелектенеді.

Жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға әлеуметтік қызметтер көрсететін жеке көмекшінің кірісін қоспағанда, Қорға әлеуметтік аударымдар салық

салу мақсатында жеке тұлғаның кірісі ретінде қарастырылмайтын кірістерден төленбейді.

Осы тармақтың күші Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 94-тарауына сәйкес бірыңғай төлем есептелетін жұмыскерлердің кірісіне, сондай-ақ осы Кодекстің 101-1 және 102-1-баптарында аталған адамдардың кірісіне қолданылмайды.";

16-тармақ алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 16-2-тармақпен толықтырылсын:

"16-2. Кодекстің 101-1-бабында көрсетілген өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимін қолданатын адамдардың әлеуметтік аударымдарды төлеуі күнтізбелік жылдың ағымдағы және кейінгі айларында жүзеге асырылуы мүмкін және кіріс алынған айдан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Бұл ретте әлеуметтік аударымдар және (немесе) олардың уақтылы және (немесе) толық төленбегені үшін өсімпұл бойынша берешек арнайы мобильді қосымшаның чектері негізінде орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер үшін ақы алу кезеңіндегі кірістен есептеледі және төленеді.";

28-тармақтың 3) тармақшасының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Қағидалардың 2-тармағының 4) тармақшасына, сондай-ақ 6) тармақшасына сәйкес төлеуші болып табылмайтын жеке тұлғалар төлеген әлеуметтік аударымдар және (немесе) әлеуметтік аударымдардың уақтылы және (немесе) толық төленбегені үшін өсімпұл да қайтаруға жатады.";

29-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"29. Мемлекеттік кірістер органы төлеушіде әлеуметтік аударымдар бойынша берешек түзілген күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей төлеушіге республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын 6 еселенген айлық есептік көрсеткіштен астам мөлшердегі берешек сомасы туралы хабарлама жібереді.";

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Әлеуметтік аударымдар және әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немес) толық төлемегені үшін өсімпұлдар бойынша берешек өтелмеген жағдайда, пайдасына әлеуметтік аударымдар бойынша берешек өндіріп алынатын міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылардың тізімі хабарламаны жіберген мемлекеттік кіріс органына оған хабарлама тапсырылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ұсынылады.";

32-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"32. Әлеуметтік аударымдар бойынша берешекті және әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төленбегені үшін өсімпұлды өтемеген кезде мемлекеттік кіріс органы төлеушінің шығыс операцияларын:

банктік шоттары бойынша – әлеуметтік аударымдар бойынша берешек сомасы шегінде;

касса бойынша – екінші деңгейдегі банкке немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға қолма-қол ақшаны төлеу және тапсыру жөніндегі операциялардан басқа, кассадағы қолма-қол ақшаның барлық шығыс операциялары бойынша оларды кейіннен әлеуметтік аударымдарды, оларға хабарлама тапсырылған күннен бастап он жұмыс күні өткен соң уақтылы төленбегені үшін есептелген өсімпұлдарды төлеу есебіне аудару үшін тоқтата тұруды жүргізеді.

Мемлекеттік кірістер органдарының өкімі бойынша банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар:

1) Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 201-бабында көзделген салықтар мен бюджетке төленетін төлемдерді, кедендік төлемдерді, әлеуметтік төлемдерді, оларды уақтылы төлемегені үшін есептелген өсімпұлдарды, сондай-ақ бюджетке енгізуге жататын айыппұлдарды төлеу жөніндегі операциялардан басқа;

2) ақшаны:

өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы талаптарды, сондай-ақ алименттерді өндіріп алу жөніндегі талаптарды қанағаттандыруды көздейтін атқару құжаттары бойынша;

еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін адамдармен есеп айырысу үшін, жұмыстан шығу жәрдемақыларын төлеу және еңбегіне ақы төлеу, авторлық шарт бойынша сыйақылар төлеу, әлеуметтік төлемдерді аудару жөніндегі клиенттің міндеттемелері бойынша ақшаны алып қоюды көздейтін атқару құжаттары бойынша, сондай-ақ мемлекет кірісіне өндіріп алу туралы атқару құжаттары бойынша;

салық берешегін, кедендік төлемдер, салықтар мен өсімпұлдар бойынша берешекті, әлеуметтік төлемдер бойынша берешекті өтеу бойынша ақшаны алып қоюдан басқа төлеушілердің банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұрады.

Төлеушінің банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы мемлекеттік кірістер органының өкімінің нысаны Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 86-бабы 6-тармағына сәйкес бекітіледі.";

33-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 201-бабында көзделген салықтар мен бюджетке төленетін төлемдерді, кедендік төлемдерді, әлеуметтік төлемдерді, олардың уақтылы төленбегені үшін есептелген өсімпұлдарды, сондай-ақ бюджетке енгізуге жататын айыппұлдар төлеу есебіне оларды кейіннен аудару үшін банкке ақша тапсыру үшін";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдарды және (немесе) әлеуметтік аударымдардың уақтылы және (немесе) толық төленбегені үшін өсімпұлдарды қайтаруды жүзеге асырудың қағидалары мен жағдайларында:

2-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) әлеуметтік аударымдарды төлеуші (бұдан әрі – төлеуші) – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Мемлекеттік әлеуметтік

сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды есептеуді және төлеуді жүзеге асыратын жұмыс беруші, дара кәсіпкер, оның ішінде шаруа немесе фермер қожалығы, Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделген өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимін қолданатын жеке тұлға, жеке практикамен айналысатын адам, оның ішінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасында айқындалған, нысанасы жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) болып табылатын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кіріс алатын жеке тұлғалар үшін Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар төлеуді жүзеге асыратын салық агенттері.

Жеке көмекшілерге материалдық пайда төлеген кезде жергілікті атқарушы органдар немесе өзге де заңды тұлғалар, сондай-ақ Кодекстің 243-бабы бірінші бөлігінің 8) тармақшасында көрсетілген адамдар үшін әлеуметтік аударымдарды төлейтін, Кодекстің 102-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында айқындалған интернет-платформа операторы әлеуметтік аударымдарды төлеуші ретінде танылады.";

3-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) бір кезеңде екі немесе одан көп төлемдер;"

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) төлеушінің деректемелері дұрыс көрсетілмеген (төлеушілердің ЖСН/БСН қате болған жағдайда);"

4-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) осы Қағидалардың 3-тармағының 3), 4), 5), 6) немесе 7) тармақшаларда көрсетілген жағдайлар бойынша салық төлеушінің дербес шотынан үзінді көшірме.";

13-тармақтың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

"жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға, бала күтіміне әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін қабылданатын кезеңге келетін әлеуметтік аударымдар Қорға құқық пайда болған күннен және (немесе) оларды тағайындауға өтініш берілген күннен кейін келіп түскен, бірақ тиісті әлеуметтік төлемнің мөлшерін есептеуде (айқындауда) ескерілмеген.";

көрсетілген Қағидалардың 1-қосымшасы осы Тізбеге 13-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 2-қосымшасы осы Тізбеге 14-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыға әлеуметтік аударымдардың жай-күйі мен қозғалысы туралы ақпарат беру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1.Осы Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыға әлеуметтік аударымдардың жай-күйі мен қозғалысы туралы ақпарат беру қағидасы (бұдан әрі –

Қағидалар) Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 12-бабы 5) тармақшасының он алтыншы абзацына (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес әзірленді және міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыға әлеуметтік аударымдардың жай-күйі мен қозғалысы туралы ақпарат беру тәртібін айқындайды.";

2-тармақтың 6), 7) және 8) тармақшалары алып тасталсын;

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыға әлеуметтік аударымдардың жай-күйі мен қозғалысы туралы ақпаратты беруді Мемлекеттік корпорация және Қор филиалдары жүзеге асырады.

4. Әлеуметтік аударымдардың жай-күйі мен қозғалысы туралы ақпарат алу үшін міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы Мемлекеттік корпорацияға және Қордың филиалдарына жеке басын куәландыратын құжатпен (сәйкестендіру үшін) және осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішпен немесе портал арқылы сұрау салу жіберу жолымен жүгінеді.";

6, 7, 8, 9 және 10-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушысы қолданылу мерзімі өткен құжатты ұсынған жағдайда Мемлекеттік корпорацияның немесе Қор филиалының қызметкері міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыға осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік аударымдардың жай-күйі мен қозғалысы туралы ақпарат беруге өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

7. Өтінішті қабылдау кезінде:

Мемлекеттік корпорацияның қызметкері әлеуметтік-еңбек саласының бірыңғай ақпараттық жүйесіне міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы туралы деректердің болуына сұрау салуды қалыптастырады және өтінішті тіркейді;

Қордың қызметкері Қордың автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы туралы деректердің болуына сұрау салуды қалыптастырады және өтінішті тіркейді.

Сұрау салуды өңдеу әлеуметтік-еңбек саласының тиісті бірыңғай ақпараттық жүйесінде және Қордың автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде 10 минут ішінде жүзеге асырылады.

8. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыға әлеуметтік аударымдардың жай-күйі мен қозғалысы туралы ақпарат беру осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүзеге асырылады.

Әлеуметтік аударымдардың жай-күйі мен қозғалысы туралы ақпарат мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) "өңделген" - әлеуметтік аударымдарды және (немесе) әлеуметтік аударымдардың уактылы және (немесе) толық төленбегені үшін өсімпұлдар сомасы түскен сәтті өңделді.

2) "қайтарылған" - Мемлекеттік корпорацияның төлеушіге әлеуметтік аударымдарды және (немесе) әлеуметтік аударымдардың уақтылы және (немесе) толық төленбегені үшін өсімпұлдарды төлеу бойынша қате төлемдерді қайтару.

3) "жеткізілді" - Қордың артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдарды және (немесе) әлеуметтік аударымдардың уақтылы және (немесе) толық төленбегені үшін өсімпұлдарды қайтаруы.

9. Портал арқылы әлеуметтік аударымдардың жай-күйі мен қозғалысы туралы ақпарат алу үшін міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы:

- 1) ЭЦҚ немесе бір реттік пароль арқылы порталда авторизациялануды жүргізеді;
- 2) Мемлекеттік корпорацияның ақпараттық жүйесіне сұрау салуды жүзеге асырады;
- 3) ЭЦҚ арқылы қызмет алу үшін сұрау салуды куәландырады (оған қол қояды).

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы портал арқылы өтініш берген кезде міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының "жеке кабинетіне" сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ әлеуметтік аударымдардың жай-күйі мен қозғалысы туралы ақпаратты алу уақыты мен күнін көрсете отырып, хабарлама жіберіледі.

10. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыға портал арқылы жүгінген кезде әлеуметтік аударымдардың жай-күйі мен қозғалысы туралы ақпарат беру осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүзеге асырылады.

Әлеуметтік аударымдардың жай-күйі мен қозғалысы туралы ақпарат мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) "өңделген" - түскен әлеуметтік аударымдарды және (немесе) әлеуметтік аударымдардың уақтылы және (немесе) толық төленбегені үшін өсімпұлдар сомасы сәтті өңделді;

2) "қайтарылған" - Мемлекеттік корпорацияның төлеушіге әлеуметтік аударымдарды және (немесе) әлеуметтік аударымдардың уақтылы және (немесе) толық төленбегені үшін өсімпұлдар бойынша қате төленген төлемдерді қайтару;

3) "жеткізілді" - Қордың артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдарды және (немесе) әлеуметтік аударымдардың уақтылы және (немесе) толық төленбегені үшін өсімпұлдарды қайтаруы.";

12-тармақ алынып тасталсын;

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыға әлеуметтік аударымдардың жай-күйі мен қозғалысы туралы ақпарат беру мәселелері бойынша Мемлекеттік корпорацияның немесе Қор филиалының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыға әлеуметтік аударымдардың жай-күйі мен қозғалысы туралы ақпарат беру мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам жүргізеді.

Шағым Мемлекеттік корпорацияға немесе Қордың филиалына шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адамға беріледі.

Мемлекеттік корпорация немесе Қордың филиалы шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын, лауазымды адам шағым түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте Мемлекеттік корпорация немесе Қордың филиалы шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адам, егер ол үш жұмыс күні ішінде қолайлы шешім қабылдаса, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.";

көрсетілген Қағидалардың 1-қосымшасы осы Тізбеге 15-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 2-қосымшасы алып тасталсын;

көрсетілген Қағидалардың 3 және 4-қосымшалары осы Тізбеге 16 және 17-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Төлеушілерге әлеуметтік аударымдардың жай-күйі мен қозғалысы туралы ақпарат беру қағидаларында:

2-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) әлеуметтік аударымдарды төлеуші (бұдан әрі – төлеуші) – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды есептеуді және төлеуді жүзеге асыратын жұмыс беруші, дара кәсіпкер, оның ішінде шаруа немесе фермер қожалығы, Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделген өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимін қолданатын жеке тұлға, жеке практикамен айналысатын адам, оның ішінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасында айқындалған, нысанасы жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) болып табылатын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кіріс алатын жеке тұлғалар үшін Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар төлеуді жүзеге асыратын салық агенттері.

Жеке көмекшілерге материалдық пайда төлеген кезде жергілікті атқарушы органдар немесе өзге де заңды тұлғалар, сондай-ақ Кодекстің 243-бабы бірінші бөлігінің 8) тармақшасында көрсетілген адамдар үшін әлеуметтік аударымдарды төлейтін, Кодекстің 102-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында айқындалған интернет-платформа операторы әлеуметтік аударымдарды төлеуші ретінде танылады.";

4. "Жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнің мөлшерін есептеу (айқындау), тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және оны тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау

қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы № 237 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32881 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнің мөлшерін есептеу (айқындау), тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және оны тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау қағидаларында:

2-тармақта:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) әлеуметтік аударымдарды төлеуші (бұдан әрі – төлеуші) – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды есептеуді және төлеуді жүзеге асыратын жұмыс беруші, дара кәсіпкер, оның ішінде шаруа немесе фермер қожалығы, Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделген өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимін қолданатын жеке тұлға, жеке практикамен айналысатын адам, оның ішінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасында айқындалған, нысанасы жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) болып табылатын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кіріс алатын жеке тұлғалар үшін Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар төлеуді жүзеге асыратын салық агенттері.

Жеке көмекшілерге материалдық пайда төлеген кезде жергілікті атқарушы органдар немесе өзге де заңды тұлғалар, сондай-ақ Кодекстің 243-бабы бірінші бөлігінің 8) тармақшасында көрсетілген адамдар үшін әлеуметтік аударымдарды төлейтін, Кодекстің 102-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында айқындалған интернет-платформа операторы әлеуметтік аударымдарды төлеуші ретінде танылады.";

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) бірыңғай төлемді төлеуші – Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 820-бабына сәйкес айқындалған салық агенті;"

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Егер Қор филиалы осы Қағидалардың 21 және 24 тармақтарында көзделген, жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша төлеуші және (немесе) бірыңғай төлемді төлеуші әлеуметтік төлемді есептеу кезінде ескерілетін кезеңге келетін айлар (ай) үшін:

артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдарды, бірыңғай төлем құрамындағы әлеуметтік аударымдарды қайтару жүзеге асырылмаған, Қор филиалы осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша төлеуші беретін міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының ай сайынғы табысы туралы анықтама негізінде әлеуметтік төлем мөлшерін есептеуді жүргізеді;

әлеуметтік аударымдар жүргізілмеген не толық көлемде жүргізілмеген, бірыңғай төлем құрамындағы әлеуметтік аударымдар, Қор филиалы нақты түскен әлеуметтік аударымдар негізінде әлеуметтік төлем мөлшерін есептеуді жүргізеді.

Бұл ретте, егер мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың АЖ-дағы қолда бар мәліметтер бойынша, оның ішінде өтініш берушінің қатысуымен жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген бірыңғай төлем құрамындағы әлеуметтік аударымдардың, әлеуметтік аударымдардың сәйкес келмеу мән - жайлары сақталса және өтініш берушінің таңдауы бойынша бөлімшеге ұсынылатын өтініш берушінің келісімі негізінде Қор филиалы сақталса Осы Қағидаларға 16-нысан бойынша Мемлекеттік корпорация айларды (айды) есептемегенде әлеуметтік төлемнің мөлшерін есептеуді жүргізеді, әлеуметтік аударымдардың сәйкессіздігі бар не сот шешімінің негізінде осы тармақта көрсетілген айларды (айды) ескере отырып, төлем мөлшерін есептеуді жүргізеді.";

24-тармақтың алтыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"ЭІМ-ға қосымша құжаттарды (мәліметтерді) қосу қажет болған кезде Қор филиалы "Е-макет" ААЖ арқылы ЭІМ-ны Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне қайтарады. Бұл ретте, өтініш берушіге әлеуметтік төлемді тағайындауға арналған құжаттарды толық ресімдеу қажеттілігі туралы ұялы телефонға sms-хабарлама, ал екінші деңгейдегі банктерді ақпараттандыру объектісінің мобильді қосымшасының "жеке кабинетіне" – осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік төлемді тағайындауға арналған құжаттарды толық ресімдеу қажеттілігі туралы электрондық хабарлама жіберіледі.";

32-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"32. Әлеуметтік төлемнің мөлшерін есептеу әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде ескерілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының кірісінің орташа айлық мөлшеріне және тиісті коэффициенттерге сүйене отырып жүргізіледі.

Бұл ретте әлеуметтік төлемнің мөлшерін есептеу үшін міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының кірісінің орташа айлық мөлшеріне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бюджет қаражаты есебінен алынған жеке көмекшілерге материалдық пайда қосылады.

Әлеуметтік төлемдер мөлшерін есептеген және өзгерткен кезде тиындармен есептелген сомалар бір теңгеге дейін дөңгелектенеді.";

33-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Кодекстің 101-1-бабында көрсетілген адамдар үшін әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде есепке алынған ай сайынғы кіріс Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделген арнайы мобильдік қосымшадан алынған мәліметтерге сәйкес қосымша расталады";

34-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Кодекстің 101-1 және 102-1-баптарында көрсетілген адамдар үшін жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді есептеу кезінде әлеуметтік аударымдар жүргізілген әрбір ай үшін кіріс нақты түскен әлеуметтік аударымдар сомасын Кодекстің 244-бабының 1-тармағында белгіленген әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесіне бөлу жолымен айқындалады.";

43-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қор филиалы жұмыссыздың субсидияланатын жұмыс орнындарына қатысқаны үшін әлеуметтік аударымдарды және (немесе) міндетті зейнетақы жарналарын қоспағанда, жұмыс берушінің әлеуметтік аударымдарды және (немесе) міндетті зейнетақы жарналарын түскені туралы мәліметтер АЖ-дан келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әлеуметтік төлемді тоқтата тұру туралы шешім қабылдайды, маңсап орталығы бағыты бойынша кәсіптік оқыту.";

45-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлігімен толықтырылсын:

"Әлеуметтік аударымдар және (немесе) міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын өтемақы және ынталандырушы сипаттағы төлемдерден түскен жағдайда, әлеуметтік төлемді алушы осы Қағидаларға 17-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтемақы және ынталандырушы сипаттағы төлемдерді алу фактісін растайтын анықтаманы ұсынған кезде әлеуметтік төлем тоқтатыла тұрған күннен бастап осы Қағидаларға сәйкес айқындалған мөлшерде қайта басталады.";

46-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"46. Қор филиалы мыналар келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әлеуметтік төлемді тоқтату туралы шешім қабылдайды:

1) осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша АЖ-дан мынадай мәліметтер келіп түскенде:

алушының қайтыс болғаны (соттың оны қайтыс болды деп жариялау туралы шешімі заңды күшіне енгені) туралы мәлімет. Бұл ретте әлеуметтік төлем алушының қайтыс болған айын қоса алғанда (оны қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі заңды күшіне енген айды қоса алғанда) жүзеге асырылады;

мансап орталығында алушыны жұмыссыз ретінде есептен шығару туралы мәлімет. Бұл ретте, алушы жұмыссыз ретінде есептен шығарылған айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап әлеуметтік төлем тоқтатылады;

алушының "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген негіздер бойынша Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатқаны туралы мәлімет. Бұл ретте, әлеуметтік төлем азаматтығын тоқтату туралы мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатылады;

алушының кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруы туралы мәлімет. Бұл ретте әлеуметтік төлем дара кәсіпкер ретінде тіркелген айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатылады;

"Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесі" АЖ-мен белсенді еңбек шарты туралы мәлімет. Бұл ретте әлеуметтік төлем еңбек шарты жасалған айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатылады.";

көрсетілген Қағидалардың 4-қосымшасы осы Тізбеге 13-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 13, 14 және 15-қосымшалары алып тасталсын;

көрсетілген Қағидалардың 17-1-қосымшасы осы Тізбеге 14-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 19-қосымшасы осы Тізбеге 14-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

5. "Еңбекке қабілеттілігінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу (айқындау), тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы № 238 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32886 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнің мөлшерін есептеу (айқындау), оны тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау қағидаларында:

2-тармақта:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) әлеуметтік аударымдарды төлеуші (бұдан әрі – төлеуші) – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды есептеуді және төлеуді жүзеге асыратын жұмыс беруші, дара кәсіпкер, оның ішінде шаруа немесе фермер қожалығы, Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделген өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимін қолданатын жеке тұлға, жеке практикамен айналысатын адам, оның ішінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасында айқындалған, нысанасы жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) болып табылатын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кіріс алатын жеке тұлғалар үшін Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар төлеуді жүзеге асыратын салық агенттері.

Жеке көмекшілерге материалдық пайда төлеген кезде жергілікті атқарушы органдар немесе өзге де заңды тұлғалар, сондай-ақ Кодекстің 243-бабы бірінші бөлігінің 8)

тармақшасында көрсетілген адамдар үшін әлеуметтік аударымдарды төлейтін, Кодекстің 102-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында айқындалған интернет-платформа операторы әлеуметтік аударымдарды төлеуші ретінде танылады.";

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) бірыңғай төлемді төлеуші – Салық кодексінің 820-бабына сәйкес айқындалған салық агенті;"

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Егер Қор филиалы осы Қағидалардың 23 және 26-тармақтарында көзделген жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша төлеуші және (немесе) бірыңғай төлемді төлеуші әлеуметтік төлемді есептеу кезінде ескерілетін кезеңге келетін айлар (ай) үшін:

артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдарды, бірыңғай төлем құрамындағы әлеуметтік аударымдарды қайтару жүзеге асырылмаған, Қор филиалы осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес төлеуші беретін міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының ай сайынғы кірісі туралы анықтама негізінде әлеуметтік төлем мөлшерін есептеуді жүргізеді;

бірыңғай төлем құрамындағы әлеуметтік аударымдар жүргізілмеген не толық көлемде жүргізілмеген, Қор филиалы көрсетілген айларда (айда) нақты келіп түскен әлеуметтік аударымдар негізінде әлеуметтік төлем мөлшерін есептеуді жүргізеді.

Бұл ретте, егер мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың АЖ-дағы қолда бар мәліметтер бойынша жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша, оның ішінде өтініш берушінің қатысуымен, осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген бірыңғай төлем құрамындағы әлеуметтік аударымдардың, әлеуметтік аударымдардың сәйкес келмеу мән-жайлары өтініш берушінің таңдауы бойынша сақталса, Қор филиалы өтініш берушінің Мемлекеттік бөлімшеге ұсынылатын келісімі негізінде корпорациялар осы Қағидаларға 18-нысан бойынша айларды (айды) есептемегенде әлеуметтік төлемнің мөлшерін есептеуді жүргізеді, әлеуметтік аударымдардың сәйкессіздігі бар не сот шешімінің негізінде осы тармақта көрсетілген айларды (айды) ескере отырып, төлем мөлшерін есептеуді жүргізеді.";

26-тармақтың алтыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"ЭІМ-ге қосымша құжаттарды (мәліметтерді) қосу қажет болған кезде Қордың филиалы "Е-макет" ААЖ арқылы ЭІМ-ді Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне қайтарады, бұл ретте өтініш берушіге әлеуметтік төлемді тағайындауға арналған құжаттарды толық ресімдеу қажеттілігі туралы ұялы телефонға sms-хабарлама, ал порталға "жеке кабинетке" осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік төлем тағайындауға құжаттарды толық ресімдеу қажеттілігі туралы электрондық хабарлама жіберіледі.";

35-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұл ретте әлеуметтік төлемнің мөлшерін есептеу үшін міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының кірісінің орташа айлық мөлшеріне Қазақстан

Республикасының заңнамасына сәйкес бюджет қаражаты есебінен алынған жеке көмекшілерге материалдық пайда қосылады.";

36-тармақ алып тасталсын;

37-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"37. Әлеуметтік төлемнің мөлшерін есептеу кезінде әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде ескерілген орташа айлық кіріс мөлшері әлеуметтік төлемді алу құқығы туындаған айдың алдындағы соңғы күнтізбелік жиырма төрт ай ішінде (осы кезеңде әлеуметтік аударымдарда үзілістердің болу-болмауына қарамастан) әлеуметтік аударымдар жүргізілген кірістер сомасын жиырма төртке бөлу жолымен мынадай формула бойынша айқындалады:

$$ОАК = (AK1 + AK2 + AK3..... + AK24) / 24$$
, мұндағы:

ОАК – міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының орташа айлық кірісі ;

АК – әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде ескерілген ай сайынғы кіріс.

Кодекстің 101-1-бабында көрсетілген адамдар үшін әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде есепке алынған ай сайынғы кіріс Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделген арнайы мобильдік қосымшаға сәйкес мәліметтермен қосымша расталады.";

38-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Еңбек ету қабілетінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді есептеу кезінде Кодекстің 101-1 және 102-1-баптарында көрсетілген адамдар үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген әрбір ай үшін кіріс нақты келіп түскен айда әлеуметтік аударымдар сомасын Кодекстің 244-бабының 1-тармағында белгіленген әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесіне бөлу жолымен айқындалады.";

39-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"39. Бірыңғай төлемді төлеушінің жұмыскерлері болып табылатын адамдардың кірісінен басқа, әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде есепке алынған ай сайынғы кіріс Кодекстің 244-бабының 1-тармағында көзделген көрсетілген ай үшін төлеушіден түскен әлеуметтік аударымдар сомасын әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесіне бөлу және алынған нәтижені жүзге көбейту арқылы мынадай формула бойынша есептеледі:

$$AK = \Theta A a / S \text{ ә} \times 100$$
, мұндағы:

$\Theta A a$ – бір айдағы әлеуметтік аударымдар;

$S \text{ ә}$ – әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесі.";

40-тармақ алып тасталсын;

көрсетілген Қағидалардың 5-қосымшасы осы Тізбеге 15-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 15, 16 және 17-қосымшалары алып тасталсын;

көрсетілген Қағидалардың 21-қосымшасы осы Тізбеге 15-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

6. "Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнің мөлшерін есептеу (айқындау), оны тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы № 239 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32883 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнің мөлшерін есептеу (айқындау), оны тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау қағидаларында:

2-тармақта:

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) әлеуметтік аударымдарды төлеуші (бұдан әрі – төлеуші) – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды есептеуді және төлеуді жүзеге асыратын жұмыс беруші, дара кәсіпкер, оның ішінде шаруа немесе фермер қожалығы, Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделген өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимін қолданатын жеке тұлға, жеке практикамен айналысатын адам, оның ішінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасында айқындалған, нысанасы жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) болып табылатын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кіріс алатын жеке тұлғалар үшін Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар төлеуді жүзеге асыратын салық агенттері.

Жеке көмекшілерге материалдық пайда төлеген кезде жергілікті атқарушы органдар немесе өзге де заңды тұлғалар, сондай-ақ Кодекстің 243-бабы бірінші бөлігінің 8) тармақшасында көрсетілген адамдар үшін әлеуметтік аударымдарды төлейтін, Кодекстің 102-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында айқындалған интернет-платформа операторы әлеуметтік аударымдарды төлеуші ретінде танылады.";

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) бірыңғай төлемді төлеуші – Салық кодексінің 820-бабына сәйкес айқындалған салық агенті;"

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Әлеуметтік төлемді тағайындау үшін өтініш беруші сәйкестендіру үшін ұсынылатын осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген құжаттармен бірге мынадай құжаттарды ұсынады:

1) асыраушысының қайтыс болуы туралы куәлік (не қайтыс болу туралы азаматтық хал актілерінің жазбаларынан мәліметтер бар анықтама немесе портал арқылы алынған

қайтыс болу туралы хабарлама) не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін) не адамды хабарсыз кетті деп тану немесе қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі;

2) қайтыс болған (сот хабарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) адаммен туыстық қатынастарды растайтын құжаттар, қайтыс болған асыраушы баласының (балаларының) туу туралы және неке (ерлі-зайыптылықты) қию (бұзу) туралы, бала асырап алу туралы, әке (ана) болуды белгілеу туралы куәліктер не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);

3) жалпы орта, техникалық, кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарынан он сегіз жастан жиырма үш жасқа дейінгі отбасы мүшелерінің күндізгі оқу нысаны бойынша, осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша білім алушылар немесе білім алушылар болып табылатыны туралы анықтама (жыл сайын жаңартылып отырады) не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін).

Бұл ретте, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде білім беру ұйымдарында оқыған жағдайда білім беру ұйымынан анықтама ұсынылады, онда: оқу орнының толық атауы, білім алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні, оқыту нысаны (бар болса), курсы мен көрсетілген курста оқу кезеңі, білім беру ұйымының мөрі және уәкілетті тұлғаның қолы. Білім алушының академиялық демалыста болуы білім беру ұйымының анықтамасымен расталады;

Бұл ретте білім алушы оқу орнынан шығарылған немесе сырттай оқу нысанына ауысқан жағдайларда білім беру ұйымының басшысы әлеуметтік төлем алушының тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесін хабардар етеді.

4) қорғаншылық немесе қамқоршылық белгілеу туралы құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін).

Құжаттарды мемлекеттік ақпараттық жүйелерден, соның ішінде цифрлық құжаттардың сервисінен алу мүмкіндігі болған кезде оларды ұсыну талап етілмейді.

Құжаттарды қабылдайтын Мемлекеттік корпорацияның маманы "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті ақпараттық жүйелерге (бұдан әрі – АЖ) сұрау салулар қалыптастырады:

"Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқоры" АЖ-да өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттар бойынша;

екінші деңгейдегі банктердің АЖ-ға банктерде және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған банк шотының нөмірі туралы мәліметтер бойынша;

"АХАТ" АЖ-ға баланың (балалардың) туу туралы куәлігі, не туу туралы, баланы (балаларды) асырап алу туралы азаматтық хал актілері жазбаларынан мәліметтерді қамтитын, некеге тұру туралы анықтама не неке туралы азаматтық хал актілері жазбаларынан мәліметтерді қамтитын, асыраушының қайтыс болуы (сот хабарсыз кетті

деп немесе қайтыс болды деп жариялаған) туралы, не қайтыс болу туралы азаматтық хал актілері жазбаларынан мәліметтерді қамтитын анықтама бойынша;

"Төрелік" автоматтандырылған ақпараттық талдау жүйесінде - баланы (балаларды) асырап алу туралы сот шешімі бойынша;

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің "Ұлттық білім беру деректер қоры" ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі - "ҰБДҚ" АЖ) асырауындағылардың күндізгі оқу нысаны бойынша жалпы орта білім беру, техникалық, кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқуы туралы мәліметтер бойынша;

"Мүгедектігі бар адамдардың орталықтандырылған банкі" АЖ-ға куәландыруды және мүгедектік тобын белгілеуді жүргізу туралы (он сегіз жасқа толмаған және осы жастан үлкен балалар, оның ішінде асырап алынған аға, іні, сіңлі, қарындастары бала кезінен бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адам деп танылған жағдайда);

"ҚР ҒЖБМ ЖББП" АЖ (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің "Жоғары білім берудің бірыңғай платформасы" ақпараттық жүйесі) - оқыту туралы мәліметтер бойынша.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің "Ұлттық білім беру деректер қоры" АЖ-да-кәмелетке толмаған балаға (балаларға) қорғаншылық (қамқоршылық) белгілеу туралы, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында тәрбиеленушілердің және орта (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта), оның ішінде арнайы және орта білім алушылардың білімі туралы мәліметтердің болуына мамандандырылған, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі;

АЖ-дағы мәліметтер сәйкес келмеген (болмаған) кезде банк шотының нөмірі туралы мәліметтерді қоспағанда, мәліметтер өтінішке қоса беріледі.

Электрондық құжаттар цифрлық құжаттар сервисі арқылы қалыптастырылады, тексеріледі және пайдаланылады.";

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Егер Қор филиалы осы Қағидалардың 22 және 26-тармақтарында көзделген жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша төлеуші және (немесе) бірыңғай төлемді төлеуші әлеуметтік төлемді есептеу кезінде ескерілетін кезеңге келетін айлар (ай) үшін:

артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдарды, бірыңғай төлем құрамындағы әлеуметтік аударымдарды қайтару жүзеге асырылмаған, Қор филиалы осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша төлеуші беретін міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының ай сайынғы кірісі туралы анықтама негізінде артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдардың сомаларын есепке алмағанда, әлеуметтік төлем мөлшерін есептеуді жүргізеді;

бірыңғай төлем құрамындағы әлеуметтік аударымдар жүргізілмеген не толық көлемде жүргізілмеген, Қор филиалы көрсетілген айларда (айда) нақты түскен әлеуметтік аударымдар негізінде әлеуметтік төлем мөлшерін есептеуді жүргізеді.

Бұл ретте, егер мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың АЖ-дағы мәліметтері бойынша, оның ішінде өтініш берушінің қатысуымен жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген әлеуметтік аударымдардың, бірыңғай төлем құрамындағы әлеуметтік аударымдардың сәйкес келмеу жағдайы сақталса, өтініш берушінің таңдауы бойынша Қор филиалы осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік корпорация бөлімшесіне берілетін өтініш берушінің келісімі негізінде әлеуметтік аударымдар сәйкес келмейтін айларды (айды) ескермей әлеуметтік төлем мөлшерін есептеуді жүргізеді, не сот шешімінің негізінде осы тармақта көрсетілген айларды (айды) ескере отырып, төлем мөлшерін есептеуді жүргізеді.";

26-тармақтың алтыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"ЭІМ-ге қосымша құжаттарды (мәліметтерді) қосу қажет болған кезде Қордың филиалы "Е-макет" ААЖ арқылы ЭІМ-ді Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне қайтарады, бұл ретте өтініш берушіге әлеуметтік төлемді тағайындауға арналған құжаттарды толық ресімдеу қажеттілігі туралы ұялы телефонға sms-хабарлама, ал порталға "жеке кабинетке" осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік төлем тағайындауға құжаттарды толық ресімдеу қажеттілігі туралы электрондық хабарлама жіберіледі.";

33-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұл ретте әлеуметтік төлемнің мөлшерін есептеу үшін міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының кірісінің орташа айлық мөлшеріне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бюджет қаражаты есебінен алынған жеке көмекшілерге материалдық пайда қосылады.";

34-тармақ алып тасталсын;

35-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"35. Әлеуметтік төлемнің мөлшерін есептеу кезінде әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде ескерілген орташа айлық кіріс мөлшері әлеуметтік төлемді алу құқығы туындаған айдың алдындағы соңғы күнтізбелік жиырма төрт ай ішінде (осы кезеңде әлеуметтік аударымдарда үзілістердің болу-болмауына қарамастан) әлеуметтік аударымдар жүргізілген кірістер сомасын жиырма төртке бөлу жолымен мынадай формула бойынша айқындалады:

$$ОАК = (AK1 + AK2 + AK3..... + AK24) / 24$$
, мұндағы:

ОАК – міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының орташа айлық кірісі ;

АК – әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде ескерілген ай сайынғы кіріс.

Кодекстің 101-1-бабында көрсетілген адамдар үшін әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде есепке алынған ай сайынғы кіріс Қазақстан Республикасының

Салық кодексінде көзделген арнайы мобильдік қосымшаға сәйкес мәліметтермен қосымша расталады.

Бірыңғай төлем төлеушінің жұмыскерлері болып табылатын адамдар үшін АК осы Қағиданың 39-тармағына сәйкес айқындалады.";

36-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді есептеу кезінде Кодекстің 101-1 және 102-1-баптарында көрсетілген адамдар үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген әрбір ай үшін кіріс нақты келіп түскен айда әлеуметтік аударымдар сомасын Кодекстің 244-бабының 1-тармағында белгіленген әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесіне бөлу жолымен айқындалады.";

37-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"37. Бірыңғай төлемді төлеушінің жұмыскерлері болып табылатын адамдардың кірісінен басқа, әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде есепке алынған ай сайынғы кіріс Кодекстің 244-бабының 1-тармағында көзделген көрсетілген ай үшін төлеушіден түскен әлеуметтік аударымдар сомасын әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесіне бөлу және алынған нәтижені жүзге көбейту арқылы мынадай формула бойынша есептеледі:

$AK = \Theta A a / S \text{ әа} \times 100$, мұндағы:

$\Theta A a$ – бір айдағы әлеуметтік аударымдар;

$S \text{ әа}$ – әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесі.";

38-тармақ алып тасталсын;

50-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"50. Қайтыс болған (сот хабарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының асырауында болған, бала кезден бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар деп танылған адамдарға қайта куәландыру кезінде, әлеуметтік төлем Қор филиалының шешімі негізінде қайта куәландыру күнінен қайта басталады.

Мемлекеттік корпорацияның маманы күндізгі оқу нысаны бойынша оқушылар немесе студенттер болып табылатын отбасы мүшелері бойынша "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті АЖ-ға сұрау салу негізінде әлеуметтік төлемді қайта қарау шешімінің жобасын қалыптастырады.

Бұл ретте Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде білім беру ұйымдарында оқыған жағдайда жалпы орта, техникалық, кәсіптік, ортадан кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарынан отбасы мүшелері білім алушылар немесе күндізгі оқу нысаны бойынша студент болып табылатыны туралы анықтаманы ұсынған кезде әлеуметтік төлем тоқтатыла тұрған сәттен бастап, бірақ жалпы орта, техникалық, кәсіптік, ортадан кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарынан берілген анықтамада көрсетілген оқу кезеңінің басталу күнінен кешіктірмей жазбаша өтініштің негізінде қайта басталады.";

көрсетілген Қағидалардың 3, 4 және 5-қосымшалары осы Тізбеге 16, 17 және 18-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 14, 15 және 16-қосымшалары алып тасталсын;

көрсетілген Қағидалардың 20-қосымшасы осы Тізбеге 15-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

7. "Жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдерді, бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнің мөлшерін есептеу (айқындау), тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және оларды тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 27 маусымдағы № 248 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32912 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдерді, бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнің мөлшерін есептеу (айқындау), тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және оларды тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау қағидаларында:

2-тармақта:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) әлеуметтік аударымдарды төлеуші (бұдан әрі – төлеуші) – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды есептеуді және төлеуді жүзеге асыратын жұмыс беруші, дара кәсіпкер, оның ішінде шаруа немесе фермер қожалығы, Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделген өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимін қолданатын жеке тұлға, жеке практикамен айналысатын адам, оның ішінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасында айқындалған, нысанасы жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) болып табылатын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кіріс алатын жеке тұлғалар үшін Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар төлеуді жүзеге асыратын салық агенттері.

Жеке көмекшілерге материалдық пайда төлеген кезде жергілікті атқарушы органдар немесе өзге де заңды тұлғалар, сондай-ақ Кодекстің 243-бабы бірінші бөлігінің 8) тармақшасында көрсетілген адамдар үшін әлеуметтік аударымдарды төлейтін, Кодекстің 102-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында айқындалған интернет-платформа операторы әлеуметтік аударымдарды төлеуші ретінде танылады.";

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) бірыңғай төлемді төлеуші – Салық кодексінің 820-бабына сәйкес айқындалған салық агенті;"

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Қор филиалдарының жүктілікке және босануға, баланы (балаларды) асырап алуға әлеуметтік төлемдерді, бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді тағайындау үшін қажетті құжаттардың (мәліметтердің) дұрыстығын тексеруі үшін негіздер болып табылады:

әлеуметтік аударымдардың уақтылы түспеуі;

әлеуметтік аударымдардың төленген сомаларының қызметкердің табысына және (немесе) дара кәсіпкерлер мен жеке практикамен айналысатын адамдардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделген өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимін қолданатын жеке тұлғаның кірісіне міндетті зейнетақы жарналарының аударылған сомаларына сәйкес келмеуі;

құжаттардың және мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың АЖ-дағы мәліметтердің сәйкес келмеуі;

орналасқан жері мен қызметі әртүрлі өңірлерде (облыс/қала) тіркелген екі және одан да көп төлеушілерден бір кезең үшін әлеуметтік аударымдардың түсуі.

жүктілік бойынша медициналық есепке қойылғанға дейін әлеуметтік аударымдардың болмауы.

Құжаттардың (мәліметтердің) дұрыстығын тексеру мақсатында Қор филиалы төрт жұмыс күні ішінде сұрау салуларды, оның ішінде АЖ арқылы мемлекеттік органдарға және тиісті ұйымдарға, төлеушіге, бірыңғай төлем төлеушіге, өтініш берушіге жібереді.

Бұл ретте әлеуметтік аударымдар түскен кірістің дұрыстығын тексеру мәліметтермен расталады:

міндетті зейнетақы жарналарын аудару туралы және олардың Қорға әлеуметтік аударымдар мөлшеріне және "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті" АЖ жеке табыс салығына сәйкестігі туралы;

"Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесі" АЖ-дағы еңбек шарты туралы.

Қор филиалы әлеуметтік төлемдерді тағайындау кезінде өтініш берушіден растайтын құжатты (құжаттарды) сұрау жолымен дара кәсіпкерлерден, шаруа немесе фермер қожалықтарынан, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерден, жеке практикамен айналысатын адамдардан, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделген өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимін қолданатын жеке тұлғадан әлеуметтік аударымдар түскен табыс алу фактісін тексереді.

Растайтын құжаттарға мыналар жатады:

"Банктік шоттың бар екендігі және нөмірі туралы анықтаманы және банктік шот бойынша ақша қалдығы мен қозғалысы туралы үзінді-көшірмені ресімдеуге және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 219 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14340 болып тіркелген) (бұдан әрі – ҚР ҰБ Басқармасының қаулысы) талаптарына сәйкес берілген жеке тұлғаның жалақы жобасы бойынша ақша қаражатының қозғалысы бойынша айналымдары бар шоттан үзінді көшірме;

ҚР ҰБ Басқармасы қаулысының талаптарына сәйкес келетін дара кәсіпкердің ақша қаражатының айналымы бар банктік шотынан үзінді көшірме;

"Бастапқы есепке алу құжаттарының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 562 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8265 болып тіркелген) 2 және 9-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша көзделген шығыс кассалық ордер және (немесе) қызметкердің жалақысын есептеудің төлем ведомосінің көшірмесі.

Бұл ретте, әлеуметтік төлемді тағайындау туралы шешім қабылдауда орын алған кідірістер және шешім қабылдау мерзімдерінің ұзартылуы туралы, бірақ ЭІМ тексеруге жіберілген күннен бастап бір айдан аспайтын мерзімге, өтініш берушіге Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі жазбаша нысанда хабарлайды, ал портал арқылы жүгінген кезде өтініш берушіге "Е-макет" ААЖ-мен осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тағайындау үшін құжаттарды тексеру туралы электрондық хабарлама (бұдан әрі – құжаттарды тексеру туралы хабарлама) жіберу арқылы порталға өтініш берушінің "Жеке кабинетіне" хабарланады.

Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі Қордың филиалынан электрондық хабарлама келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өтініш берушіні:

өтініш беруші жеке өзі жүгінген кезде осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарға тексеру жүргізу туралы хабарлама беру арқылы;

АЖ-да өтініш берушінің ұялы телефонының нөмірі болған кезде ұялы телефонына sms-хабарлама жіберу арқылы хабардар етеді.

Құжаттарды тексеру туралы sms-хабарламалар осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысанда әлеуметтік төлем бойынша sms-хабарламалар журналында тіркеледі.

Бұл ретте Қор филиалының сұрау салуына мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, төлеушіден, бірыңғай төлемді төлеушілерден, өтініш берушілерден құжаттар және (немесе) мәліметтер берілген кезде Қор филиалы оларды ЭІМ-не қосу үшін Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне жібереді, ал мәліметтер мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың АЖ-і мен "Е-макет" ААЖ интеграциялануы арқылы келіп түскен кезде олар ЭІМ-ге автоматты режимде Мемлекеттік корпорацияның қатысуынсыз тіркеледі.

Мемлекеттік корпорация ЭІМ-ні ұсынылған құжаттармен және (немесе) мәліметтермен олар Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне келіп түскен күннен кейін екі жұмыс күні ішінде толықтырады және оны Қордың филиалына жібереді.";

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"27. Егер Қор филиалы осы Қағидалардың 25 және 29-тармақтарында көзделген жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша төлеуші және (немесе) бірыңғай төлемді төлеуші жүктілікке және босануға, баланы (балаларды) асырап алуға әлеуметтік төлемдерді, бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді есептеу кезінде ескерілетін кезеңге келетін айлар (ай) үшін:

артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдарды, бірыңғай төлем құрамындағы әлеуметтік аударымдарды қайтару жүзеге асырылмаған, Қор филиалы осы Қағидаларға 25-қосымшаға сәйкес нысан бойынша төлеуші беретін міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының ай сайынғы кірісі туралы анықтама негізінде жүктілік және босану, бала асырап алу бойынша әлеуметтік төлемдердің, күтім бойынша әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеуді жүргізеді;

бірыңғай төлем құрамында әлеуметтік аударымдар жүргізілмеген не толық көлемде жүргізілмеген, Қор филиалы көрсетілген айларда (айда) нақты түскен әлеуметтік аударымдар негізінде жүктілік және босану, бала асырап алу, күтім бойынша әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеуді жүргізеді.

Бұл ретте, егер мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың АЖ-дағы қолда бар мәліметтер бойынша жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша, оның ішінде өтініш берушінің қатысуымен, осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген бірыңғай төлем құрамындағы әлеуметтік аударымдардың, әлеуметтік аударымдардың сәйкес келмеу мән-жайлары өтініш берушінің таңдауы бойынша сақталса, Қор филиалы өтініш берушінің Мемлекеттік бөлімшеге ұсынылатын келісімі негізінде корпорациялар осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүктілік және босану, бала асырап алу бойынша әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеуді жүргізеді, әлеуметтік аударымдар сәйкес келмейтін айларды (айды) есептемегенде не сот шешімінің негізінде осы тармақта көрсетілген айларды (айды) ескере отырып, төлемдер мөлшерін есептеуді жүргізеді.";

29-тармақтың алтыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қосымша құжаттарды (мәліметтерді) ЭМҚ-ға қосу қажет болған кезде Қордың филиалы "Е-макет" ААЖ арқылы ЭМҚ-ны Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне қайтарады, бұл ретте өтініш берушіге тиісті әлеуметтік төлемді тағайындау үшін құжаттарды толық ресімдеу қажеттілігі туралы ұялы телефонға, ал екінші деңгейдегі банктерді ақпараттандыру объектісінің мобильді қосымшасына sms-хабарлама, порталға "жеке кабинетке" - осы Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік төлем тағайындауға арналған құжаттарды толық ресімдеу қажеттілігі туралы электрондық хабарлама жіберіледі.";

38-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұл ретте жүктілік және босану, баланы (балаларды) асырап алу бойынша әлеуметтік төлемдердің, бала күтімі бойынша әлеуметтік төлемдердің мөлшерін

есептеу үшін міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының табысының орташа айлық мөлшеріне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бюджет қаражаты есебінен алынған жеке көмекшілерге материалдық пайда қосылады.";

39-тармақ алынып тасталсын;

40 және 41-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"40. Жүктілікке және босануға, баланы (балаларды) асырап алуға әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу кезінде әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде ескерілген орташа айлық кіріс мөлшері әлеуметтік төлемді алу құқығы туындаған айдың алдындағы соңғы күнтізбелік он екі ай ішінде (осы кезеңде әлеуметтік аударымдарда үзілістердің болу-болмауына қарамастан) әлеуметтік аударымдар жүргізілген кіріс сомасын он екіге бөлу жолымен мынадай формула бойынша айқындалады:

$$ОАК_{этжб} = (AK1 + AK2 + AK3..... + AK12) / 12, \text{ мұндағы:}$$

ОАК_{этжб} – міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының орташа айлық кірісі;

АК – әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде ескерілген ай сайынғы кіріс.

Кодекстің 101-1-бабында көрсетілген адамдар үшін әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде есепке алынған ай сайынғы кіріс Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделген арнайы мобильдік қосымшаға сәйкес мәліметтермен қосымша расталады.

Бірыңғай төлем төлеушінің жұмыскерлері болып табылатын тұлғалар үшін АК осы Қағидалардың 46-тармағына сәйкес айқындалады.

Әлеуметтік төлемге құқық туындаған күннен кейін төленген әлеуметтік аударымдар , осындай құқық туындаған айдың алдындағы ай үшін төленген әлеуметтік аударымдарды қоспағанда, әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде ескерілген кірістің орташа айлық мөлшерін айқындаған кезде Қорға түскен әлеуметтік аударымдар есепке алынбайды.

41. Бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемнің мөлшерін есептеу кезінде әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде ескерілген орташа айлық кіріс мөлшері әлеуметтік төлемді алу құқығы туындаған айдың алдындағы соңғы күнтізбелік жиырма төрт ай ішінде (осы кезеңде әлеуметтік аударымдарда үзілістердің болу-болмауына қарамастан) әлеуметтік аударымдар жүргізілген кірістер сомасын жиырма төртке бөлу жолымен мынадай формула бойынша айқындалады:

$$ОАК_{этбк} = (AK1 + AK2 + AK3..... + AK24) / 24, \text{ мұндағы:}$$

ОАК_{этбк} – міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының орташа айлық кірісі;

АК – әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде ескерілген ай сайынғы кіріс.

Кодекстің 101-1-бабында көрсетілген адамдар үшін әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде есепке алынған ай сайынғы кіріс Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделген арнайы мобильдік қосымшаға сәйкес мәліметтермен қосымша расталады.

Бірыңғай төлем төлеушінің қызметкерлері болып табылатын тұлғалар үшін АК осы Қағидалардың 46-тармағына сәйкес айқындалады.

Осы құқық туындаған айдың алдындағы ай үшін төленген әлеуметтік аударымдарды қоспағанда, әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде есепке алынған табыстың орташа айлық мөлшерін айқындау кезінде Қорға әлеуметтік аударымдар есепке алынбайды.";

43-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Кодекстің 101-1 және 102-1-баптарында көрсетілген адамдар үшін жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдерді, бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша әлеуметтік төлемдерді есептеу кезінде әлеуметтік аударымдар жүргізілген әрбір ай үшін кіріс нақты түскен әлеуметтік аударымдар сомасын Кодекстің 244-бабының 1-тармағында белгіленген әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесіне бөлу жолымен айқындалады.";

44-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"44. Бірыңғай төлемді төлеушінің қызметкерлері болып табылатын адамдардың кірісінен басқа, әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде есепке алынған ай сайынғы кіріс Кодекстің 244-бабының 1-тармағында көзделген әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесіне көрсетілген ай үшін төлеушіден түскен әлеуметтік аударымдар сомасын бөлу және алынған нәтижені мынадай формула бойынша БСҰ-ға көбейту жолымен есептеледі:

$AK = \Theta A a / S \text{ ә} \times 100$, мұндағы:

$\Theta A a$ – бір айдағы әлеуметтік аударымдар;

$S \text{ ә}$ – әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесі.";

45-тармақ алынып тасталсын;

56-тармақтың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) өтініш берушінің бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемнің мөлшерін негізсіз айқындауға алып келген анық емес мәліметтерді ұсынуы туралы мәлімет. Бұл ретте бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем тоқтатыла тұрған күнінен бастап осы Кодекске сәйкес айқындалған мөлшерде қайта басталады.

Өтініш берушінің негізсіз тағайындауға алып келген анық емес құжаттарды (мәліметтерді) ұсыну фактісін анықтау себебінен күтім бойынша әлеуметтік төлемді тоқтата тұру кезінде осы Қағидаларда көзделген тәртіппен күтім бойынша әлеуметтік төлемнің тағайындалған мөлшерін қайта қарау жүргізіледі.";

көрсетілген Қағидалардың 6-қосымшасы осы Тізбеге 27-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 16-қосымшасы осы Тізбеге 28-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 19, 20 және 21-қосымшалары алынып тасталсын;

көрсетілген Қағидалардың 25-қосымшасы осы Тізбеге 29-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

8. "Бірыңғай төлемнің артық (қате) төленген және (немесе) бірыңғай төлемді уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлдың сомаларын төлеу, аудару және бөлу, сондай-ақ қайтару қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 270 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32961 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бірыңғай төлемнің артық (қате) төленген және (немесе) бірыңғай төлемді уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлдың сомаларын төлеу, аудару және бөлу, сондай-ақ қайтару қағидаларында:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 246-бабының 5-тармағына, 248-бабының 10-тармағына, Қазақстан Республикасы Салық Кодексі 823-бабының 6-тармағына және "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 2-тармағының 2-1 тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Бірыңғай төлемнің артық (қате) төленген және (немесе) бірыңғай төлемді уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлдың сомаларын төлеу, аудару және бөлу, сондай-ақ қайтару қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің (бұдан әрі – Әлеуметтік кодекс) 246-бабының 5-тармағына, 248-бабының 10-тармағына, Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 823-бабының 6-тармағына және "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 14-бабы 2-тармағының 2-1-тармақшасына сәйкес әзірленді.";

2-тармақтың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) бірыңғай төлем төлеуші (бұдан әрі – төлеуші) – Салық кодексінің 820-бабында айқындалған салық агенті;"

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Төлеушілердің бірыңғай төлем және (немесе) бірыңғай төлемді уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұл бойынша берешекті төлеуі кезеңге (ай (айлар), жыл (жылдар)) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31

тамыздағы № 208 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14419 болып тіркелген) қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларында айқындалған нысан бойынша жиынтық төлем тапсырмасымен және оператор немесе төлем жүйелерінің операциялық орталығы бекіткен хабарламалар форматтарында жүзеге асырылады (бұдан әрі – жиынтық төлем тапсырмасы).

Бірыңғай төлем және (немесе) өсімпұл төленетін әрбір қызметкер бойынша жиынтық төлем тапсырмасында: тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде); жеке сәйкестендіру нөмірі; бірыңғай төлемнің және (немесе) өсімпұлдың аударылатын сомасы; бірыңғай төлем және (немесе) өсімпұл төленетін кезең (ай, жыл); бірыңғай төлемнің құрамына енгізілген төлемдер бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 203 қаулысымен (бұдан әрі – Басқарманың қаулысы) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14365 болып тіркелген) бекітілген Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын және Салық кодексінің 822-бабы 1-тармағының екінші бөлігінің ережелеріне сәйкес әлеуметтік төлемдердің тиісті үлестеріне азайтуды есепке алмағанда есептелген бірыңғай төлем сомасы көрсетіледі.

Бірыңғай төлемнің аударылатын сомасы Салық кодексінің 822-бабы 1-тармағының екінші бөлігінің ережелеріне сәйкес әлеуметтік төлемдердің тиісті үлестеріне азайтуды ескере отырып, осы Қағидалардың 3-тармағына сәйкес әлеуметтік төлемдер үлестерінің шегінен асып кетуін есепке ала отырып немесе есепке алмай есептелген мөлшерде көрсетіледі.

Осы Қағидалардың 3-тармағына сәйкес әлеуметтік төлемдер үлестерінің шегінен асып кетуін есепке алмағанда есептелген мөлшерде аударылатын бірыңғай төлем сомасы көрсетілген кезде бірыңғай төлемді бөлу осы Қағидалардың 16-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. ҚР Еңбекмині ААЖ-ға бірыңғай төлемді аударуды және бөлуді мемлекеттік корпорация Салық кодексінің 825-бабына сәйкес жүзеге асырады.";

11-тармақтың жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Салық кодексінің 822-бабының 2-тармағында айқындалған жеке кіріс салығының үлесі.";

12-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 24-бабына сәйкес кәсіпкерлік субъектілерінің санаттарына жататындығын қоспағанда, Салық кодексінің 820-бабында көрсетілген тұлғалар санатына төлеушілердің тиесілігі туралы мәліметтер ҚР Қаржымині МКК АЖ-дан ҚР Еңбекмині ААЖ-ға ұсынылады.";

15-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Салық кодексінің 820-бабында көрсетілген төлеушілердің тұлғалар санатына жататындығы туралы мәліметтер болмаған;"

25-тармақтың 7) және 8) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"7) Салық кодексінің 822-бабына сәйкес төлеуден босатылған тұлға үшін әлеуметтік аударым төленгені расталмаған;

8) бірыңғай төлемді Салық кодексінің 820-баптарына сәйкес бірыңғай төлемді төлеуші деп танылған тұлға төлегені расталмаған.";

көрсетілген Қағидалардың 1-қосымшасы осы Тізбеге 30-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі
2025 жылғы 30 қыркүйектегі № 299
бұйрығына 1-қосымша
"Семей ядролық сынақ
полигонындағы ядролық
сынақтардың салдарынан зардап
шеккен азаматтарды тіркеу,
біржолғы мемлекеттік ақшалай
өтемақы төлеу, куәлік беру"
мемлекеттік қызметін
көрсету қағидаларына
1-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасы

Халықты әлеуметтік қорғау

саласындағы реттеу

және бақылау комитетінің _____

облысы бойынша

департаментінің басшысына

мекенжайы бойынша тұратын

жеке басын куәландыратын

құжат жеке сәйкестендіру нөмірі

Өтініш

Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шегуші ретінде біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы (бұдан әрі – өтемақы) тағайындау жүргізуді сұраймын.

_____ жылдан бастап _____ жылды қоса алғанда _____ радиациялық әсер аймағының _____ аумағында тұрдым.

Өтінішке жоғарыда көрсетілген аумақтарда тұру фактісін растайтын мынадай құжаттарды қоса беріп отырмын:

Ұсынылған құжаттар үшін толық жауапты боламын.

1993 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейінгі кезеңде өтемақы алған жоқпын (алған кезде алынған өтемақының сомасы көрсетіледі)

Банктік деректемелер:

Банктің атауы _____

Жеке шоты № _____

Шот түрі: ағымдағы _____

Өтемақыны тағайындау үшін қажетті менің дербес деректерімді жинауға және өндеуге келісім беремін.

Өтемақыны алу үшін қажетті Екінші деңгейдегі банктердегі, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйымдардағы, "Қазпошта" акционерлік қоғамының аумақтық бөлімшелеріндегі банктік шоттың иесі ретінде өзім және банктік шоттарымның нөмірлері туралы дербес деректерімді жинауға келісім беремін.

Күні _____ Қолы _____

(қию сызығы)

Азамат (ша) _____ өтініші қоса берілген құжаттарымен 20__ жылғы " __ " _____ данада қабылданды.

қолы (құжаттарды қабылдаған адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі
2025 жылғы 30 қыркүйектегі № 299
бұйрығына 2-қосымша
"Семей ядролық сынақ
полигонындағы ядролық
сынақтардың салдарынан зардап
шеккен азаматтарды тіркеу,
біржолғы мемлекеттік ақшалай
өтемақы төлеу, куәлік беру"

Нысан

Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарға біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы тағайындау туралы шешім
20 ____ жылғы " ____ " ____ № ____

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің
Халықты әлеуметтік қорғау

саласындағы реттеу және бақылау комитетінің ____ облысы (қаласы)
бойынша департаменті, өтемақы алушы ісінің № ____

Азамат _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), санаты (зейнеткер, мемлекеттік
әлеуметтік жәрдемақы алушы/ жұмыс істейтін, жұмыс істемейтін)

Жынысы _____ Туған күні 19 ____ жылғы " ____ " ____

1. "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабына сәйкес:

_____ радиациялық қатер аймағында 19 ____ жылғы бастап 19 ____ жылғы дейін
тұрған кезең үшін _____ теңге сомасында (айлық есептік көрсеткішпен (бұдан әрі –
АЕК) _____)

